

2005 жылға арналған мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру және пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы N 104 Қаулысы

"Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңына және "Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2005 жылға арналған көлемі:
мемлекеттік азық-түліктік астық резерві 500000 (бес жүз мың) тонна мөлшерінде;
мемлекеттік жемдік астық ресурстары 5000 (бес мың) тоннаға дейінгі мөлшерінде;
мемлекеттік тұқымдық астық ресурстары 100000 (бір жүз мың) тоннаға дейінгі мөлшерде;
мемлекеттік сатылатын астық ресурстары 465000 (төрт жүз алпыс бес мың) тоннаға дейінгі мөлшерде белгіленсін.

2. 2005 жылы пайдалану көлемі:
мемлекеттік жемдік астық ресурстары 5000 (бес мың) тоннаға дейінгі мөлшерде;
мемлекеттік тұқымдық астық ресурстары 100000 (бір жүз мың) тоннаға дейінгі мөлшерде белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамының сатылатын мемлекеттік ресурстар астығын 465 (төрт жүз алпыс бес) мың тоннаға дейінгі көлемде республиканың ішкі рыногында ашық тендерлер өткізу арқылы не тауар биржасында сатуын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.03. N 419 қаулысымен.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі С.Ә. Үмбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі